

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 1271 қаулысы.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 қарашада № 6543 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж. Сүлейменовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің
міндетін атқарушы

Қ. Ысқақов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Қызылорда облысының
полиция департаменті" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Қ. Мұхитов

2018 жылғы "27" қараша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы "28"
қарашадағы №1271 қаулысына қосымша

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдары құратын комиссиялармен (бұдан әрі - комиссия) қаралады.

3. Комиссияның құрамына қалалық, аудандық жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, полиция органдарының өкілдері енгізіледі.

4. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына қалалық, аудандық полиция органдары ұсынады.

5. Комиссия қабылдаған шешім –көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес облыстық, аудандық полиция органдары бастықтарының бұйрықтары - көтермелеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

6. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын облыстық, қалалық, аудандық полиция органдары салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

7. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермеленетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

8. Ақшалай сыйақы төлеуді, көтермелеуге ұсыныс енгізген облыстық, аудандық полиция органдары облыстық бюджеттің қаражаттары есебінен жүргізеді.

9. Көтермелеуге ақы төлеуге арналған қаражат полиция органдары шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.